



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қолданысқа көшіп, бірізділік сақталып отыруы керек.

Бір сөздің бірнеше мағынасы болуы терминологияда жарыспалылық деп аталатын үлкен мәселе. Жарыспалылық - бір ғылыми ұғымның бірнеше сөзбен аталуы. Дипломатия саласында да бұндай терминдермен жиі кезіктіріп жатамыз. Мысалы: протокол - хаттама, мәжілісхат, дубликат - копия, көшірме, устав - жарғы, жарлық, резюме - резюме, түйіндеме т.т. Егер «стремление к точности ограничивает возможности синонимических замен», «термины однозначны, им обычно не свойственна синонимия. Это приводит к ограничению использования синонимов и даже отказу от них в официально - деловой сфере» [15, 115 б.], деген ғалымдар пікірімен терминнің бір мағыналық, дәлдік сипатын ескерсек, жарыспалылықтың болуы - терминге қойылатын талапқа қайшы келеді. Бірақ ғалымдар жарыспалылықтың дамушы тілдің бәрінің басында ылғи болатын құбылыс және ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшетінін айтады.

Ал кірме сөздерді қазақ тілінің табиғатына лайық қолдануға болатынына көптеген мысалдар келтіруге болады. Ресей, Мәскеу, тауар, жәрмеңке, Еуразия т.б.

Қазіргі кезде де қазақ тіліне орыс тілі арқылы латын, грек, ағылшын, француз, неміс, итальян, араб, парсы, т.б. тілдерден көптеген терминдер енген. Латын тілінен: деректемелер - реквизиты (requisit), тұжырымдама - концепция т.б. Грек тілінен: домалақ арыз - анонимка (anonymos), іс жүзінде - практический (praktikas), рақымшыл - амнистия (amnistia) т.б.

Неміс тілінен: мәжіліс - парламент (parlament) т.б. Француз тілінен: дипломат - дипломат (diplomate), баянат - рапорт (rapport), төрелік сот - арбитражный суд (arbitrage), түйіндеме - резюме (resume), төлқұжат - паспорт (passeport).

Тілімізге енген бұл сөздер өзіміздің төл сөзіміздей болып кетті.

«Қазақ, орыс, шет тілдерінің сөз материалдары арқылы жасалған терминдер біздің халқымыздың ұлттық байлығына қосылған мол үлес болып табылады» [2, 154 б.].

Бүгінгі күні тілші - мамандарды, тіл жанашырларын толғандырып жүрген публицистикалық стиль тіліндегі терминология мәселелеріне тілдегі ала-құлалыққа апаратын құбылыс ретінде емес, тіліміздің байлығын арттырып, дамуына ықпал ететін оң шешімге апаратын жол есебінде қарауымыз қажет сияқты.

Дипломатиялық терминдер болсын, басқа салалық терминдер болсын тіл-тілде өзіндік ерекшеліктерін, қолданылу аясы, жасалу және қалыптасуын салыстыру арқылы айқындап, анықтауға болады.

Сонымен, публицистикалық стильде, яғни бұқаралық ақпарат құралдарындағы ғылыми терминдердің ішінде дипломатиялық терминология сан жағынан едәуір орын алады. Бұқаралық ақпарат құралдарыжаңа идеялар мен көзқарастарды, сондай-ақ, жаңа ұғымдарды, атауларды таратудың қуатты құралы болып саналатындықтан, терминдердің, әсіресе жаңа терминдердің қолданысқа еніп, тілге сіңісті болуына бірден-бір себепші.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ ономастикасы мен терминологиясының өзекті мәселелері. «Информ – А». -Алматы - 2005. Ы. Ақайұлы. Терминнің қолданыс аясы.
2. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. -М.; Просвещение, 1983.
3. Лозина Н.М. Делопроизводство в системе государственного управления. -М., 1982.
4. Дүйсембекова Л. Іс-қағаздарын қазақша жүргізу. -Алматы. Ана тілі. 2000.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Елорда, 2002, 253 б.

УДК 81'06.053.56

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ АУДАРМАШЫЛАРДЫ
ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Толеубаева Акнур Мухитовна

aknur.87@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.Ә. Мұратова

Қазіргі таңда біздің қоғам дамуы өте қарқынды жүріп жатыр, бұны еларалық және халықаралық қатынастар ұлғаюымен тығыз байланыстыра қарастыруға болады.

Дүниежүзі халықтары біртұтас саяси-экономикалық контексте өмір сүруде және де жаһандану процесі жүріп жатқан кезеңде әлемнің барлық елдерінің өкілдері бас қосып халықаралық деңгейдегі мәселелерді шешу мақсатында түрлі іс шаралар, кездесулер өткізілуде. Бұндай кездесулен барысында ерекше еңбек атқаратын мамандық иелері, тіпті халықаралық байланыс мәселелерін оңтайландыруға өз үлестерін қосып, қамтамасыз етіп жүрген аудармашылар екенін атап өткен жөн. Аудармашылардың жұмысы дұрыс орындалмаса, халықаралық дәрежедегі түрлі қоғамдық ұйымдардың құрылуы, әріптес мамандар арасында тәжірибе алмасулары мүмкін болмаушы еді.

Біздің қоғамда аудармашылық қызметтің қолданылу шеңбері күн сайын кеңейіп, үлкен әлеуметтік сұранысқа ие болып отыр. Көптеген мемлекеттерде арнайы оқу орындары ашылып, кәсіби аудармашы мамандарды даярлай бастады. Бұған дейін аударма жұмысымен басқа да мамандық иелері айналыса бастаған. Аудармашылық жұмыс қоғамдық ортаның көпшілігін қызықтырды. Осының нәтижесінде көптеген зерттеулер жүргізілді де, жаңа ғылыми пән пайда болды. Ол қазіргі заман талабына сай - аудармашылық мамандық.

Қарқынды дамып жатқан халықаралық қарым-қатынаста аудармашыларға деген қажеттілік күннен күнге өсе түсуде. Ал бұл қажеттілік әлі де болса толық мәнде қанағаттандырылмай келеді.

Еліміздің жоғарғы оқу орындарында жыл сайын тілаларлық қатынас мәселесін қамтамасыз ету үшін кәсіби аудармашыларды дайындайтын жаңа факультеттер, бөлімдер ашылуда және де аудармашыларды дайындаудың жаңа бағдарламасы құрастырылып, даму барысында.

Жалпы аударма ісі кейіннен дамып жатқан сала. Аударма теориясы мен практикасының жалпы және жеке аспектілеріне арналған көптеген еңбектер соңғы онжылдықта ғана күрделі түрде зерттелуден өтіп, жарық көруде. Еуропаның көптеген дамыған елдерінде, сонымен қатар Америка және Канада елдерінде аударма жоғары мектептері жұмыс жасап, аударманың мәні және аудармашы статусы ретіндегі сұрақтар толығымен анықталған. Сонымен қатар аудармашылық қызметтің өзекті мәселелеріне арналған пікірталастарды жариялап тұратын арнайы мерзімді басылымдар да бар. Мұнан басқа, аудармашылардың жаңа буынын дайындау ісінде жыл сайын жаңадан шығып жатқан оқу-әдістемелік құралдардың да көмегі зор. Осындай толып жатқан басылымдар ішінде қазақ аудиториясына арналған оқу құралдары өте сирек кездеседі.

Бәрімізге белгілі аударманың бірнеше түрі бар: синхронды аударма, ілеспе аударма, ақпараттық аударма, кинофильмдерді дыбыстау, радиохабар, телехабарлама аудармалары. Қазіргі таңда аударма ісімен тек кәсіби аудармашылар ғана айналыспайды, бұл іспен басқа да мамандық иелері, шетел тілдерін білетін инженер, кітапханашылар, елшілер, хатшылар (референттер), мұғалімдер, ақпараттық орталық мамандары да айналыса бастады. Осыдан кейін аудармашылардың үлкен армиясын даярлап шығарудың қажеттілігі туды. Аудармашылық қызметтің бұрын-сонды болмаған аясының кеңеюі және кәсіби аудармашы мамандарды даярлаудың қажеттілігі аударма құбылысына (феноменіне) жаңаша көзқараспен қарауды, оны жан-жақты оқып үйренуді әлі де қажет етуде. Лингвистердің назарын аударма мәселесіне бұруда үлкен роль атқарған жайт – аудармашылық қызметтің сапасы жағынан өзгеруі болатын. Әлі де болса әлем бойынша ең көп аударылған көркем әдеби шығармалар болса да, бірінші орынға сан жағынан да, сапа жағынан да көркем-әдеби емес ақпараттық аудармалар шықты. Оларға ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, экономикалық, заң ісіне

байланысты аудармаларды жатқызуға болады. Егер көркем шығармаларды аударуда аудармашылық ең негізгі мәселесі түпнұсқаның әдеби-эстетикалық көркемдігінің және автордың өзіне ғана тән ерекшелігін сақтап аудару болса, ақпараттық аудармада қиындықтар кездесті, атап айтқанда қиындықтар лингвистика жағынан болды. Бұл жерде аударылған мәтіндер жиі анонимді түрде аударылды, жалпы стандарттық тілде жазылды, жеке авторлық ерекшеліктері ескерілмеді, аударма мәселелері негізінен екі тілдің бірлігіндегі ерекшеліктері мен маңыздылығы жағынан анықталды.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер негізінде аудармашыларды жаңа деңгейде дайындау мәселесі туындады. Сондықтан қазіргі таңда аудармашы мамандығын даярлау саласында жасалып жатқан жұмыстарға көз жүгіртсек төмендегідей құбылыстарды байқауға болады.

Жалпы аударма ісіне қызығып, осы мамандықты игеруге бет бұрған мектеп түлектері аудармашы кәсібі туралы тіпті қате ойда болады. Өйткені бастапқыда қалыптасатын ой аудармашы дегеніміз шет тілді жетік меңгерген адам сонымен болды деген оймен көптеген студенттер тіпті бұл мамандықты шет тілін меңгерудің бір жолы ретінде қабылдайды. Бірінші курста оқытылатын «Мамандыққа кіріспе» пәні бойынша көптеген ақпарат студенттерге толыққанды берілмесе, екінші курста студенттерге оқытылатын «Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері» пәні бойынша аудармашы кәсібінің толық сипаты, негізгі ерекшеліктері, толығымен қыр сыры беріледі деуге болады, яғни аударма ісі мамандығын тандаған студенттердің өздерінің болашақ кәсіптерінің басты ерекшеліктеріне екінші курста ғана толығымен көзі жетеді. Сонымен қатар осы жерде туындайтын мәселе жоғарыда көрсетілген пәндерді практикалық тәжірибесі бар кәсіби аудармашылардың дәріс оқу қажеттілігі. Өйткені бұл пәндердің ерекшелігіне сәйкес аудармашылық тәжірибесі жоқ маман студенттерге толыққанды сапалы білім бере алмайды, тіпті қызықтыра алмайды деуге болады. Ал бәрімізге белгілі біздің еліміздің аудармашыларды дайындайтын көптеген жоғарғы оқу орындарында дәріс беруші дәрежелі оқытушылардың басым бөлігі теория жағынан машықтанған оқытушылар. Сондықтан да болашақ аудармашыларды даярлауда басынан көңіл бөлінетін мәселе жоғарғы оқу орындарында практикалық кәсіби машықтанған оқытушы аудармашылардың аз болуы.

Келесі көңіл бөлуді талап ететін тағы бір мәселе ол аударма теориясы мен практикасының қайсыбір мәселелеріне арналған басылымдар, аударматану саласында жаңа теориялық жүйелерді ұсынатын монографиялар, мақалалар баршылық болса да, болашақ аудармашыларды аударма курсын оқытуға арналған оқу құралдары жоқтың қасы.

Қазақ тілді бөлімде білім алып жатқан студенттер үшін оқу құралдарының жоқтығынан студенттерге толыққанды білім алуға жағдай жасалмаған деуге болады. Кеңінен қолданысқа енген аудармашыларға арналған «Аударманы аңдату» атты оқу құралы болашақ аудармашыларды даярлау барысында теоретикалық тұрғыдан бұл мәселеге көңіл бөледі. Ал практикалық машықтануға арналған өз ана тілімізде дайындалған оқу құралының болмауы жағадайды тіпті ушықтыруда.

Себебі бәрімізге белгілі кәсіби аудармашыларды даярлау үшін тек қана теоретикалық тұрғыдан дайындау әрине жеткіліксіз, аударма процесінде маңызды мәселе аударма техникасын игерту. Аударма техникасын үйретуге бағытталған әр түрлі аударма практикасына арналған пәндерді оқыту әлі де жүйеленбеген, өйткені бұл пәндер бойынша білім беруші оқытушылар өз күшімен материалдар дайындап, саралап, студенттерге жүйелі түрде жеткізеді. Егерде өзіміздің ана тілімізде аударма бойынша практикалық машықтануға арналған белгілі бір оқу құралдары жүйеленген болса, әрине жоғарғы оқу орындарында болашақ аудармашыларға сапалы білім беруге толығымен жағдай жасалушы еді.

Білім алушыларға қажетті теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын пәндерге қажет оқу құралдарымен қатар техникалық құралдардың қаншалықты маңызды екені бәрімізге мәлім. Біздің еліміздің аудармашыларды дайындайтын көптеген жоғарғы оқу орындарында синхронды аударма дағдысын машықтандыруға арналған арнайы кабинеттердің болмауы жеке көңіл бөлетін мәселе.

Болашақ аудармашыларды даярлаудағы маңызды аспектілер жоғарыда айтылғандар болып табылады. Аталмыш аспектілер жоғарғы оқу орындарында білім беру барысында басшылыққа алынбаса, әдістемелік және әдіснамалық қателіктерге соқтыруы мүмкін және болашақ аудармашы мамандарды даярлау процесінде кері әсерін де тигізеді. Сондықтан да жоғарғы оқу орындарында болашақ аудармашыларды даярлау барысында білім алушылардың бойында қалыптастыратын практикалық дағдыларға қатысты төмендегі мәселелерді ескеру маңызды:

– болашақ аудармашыларды дайындауға бірден бір қажет теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын пәндер бойынша ана тілімізде құралған сапалы оқу құралдар санын көбейту;

– болашақ аудармашыларды даярлау барысында қажетті теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын пәндер қатарына сөйлеу мәдениеті және болашақ аудармашыларды психологиялық тұрғыдан дайындайтын практикалық пәндерді қосу керек;

– «Аударма теориясы» пәні үшінші курста емес екінші курста студенттердің ана тілінде оқытылса, яғни студенттер терия жағынан білім алғаннан кейін практикалық машықтануға көшеді, өйткені үшінші курста барлық пәндер жазбаша аударма жасау дағдыларын машықтандыруға бағытталған. Сонымен қатар, жазбаша аударма практикасы ауызша аудармадан бұрын оқытылғаны дұрыс, өйткені түпнұсқаны қабылдау тұрғысынан ол оңайлау болады.. Осы бір әдістемелік мәселені шешу үшін «қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, оқытуды жазбаша аудармадан бастау керек. Мұндай жағдайда білім алушы түпнұсқаны немесе оның бөліктерін бірнеше рет қарап шығу мүмкіндігіне ие болады, ал ауызша аудармада мұндай мүмкіндіктерге жол берілмейді;

– жоғарғы оқу орындарында болашақ аудармашыларды даярлау процесінде аса маңызды рөл атқаратын оқытушылардың нақты аудармашылық дағдыларын ұштау мақсатында түрлі семинар немесе курстар ұйымдастырып тұру қажет;

– оқытушылық қызметтегі келесі маңызды аспектілердің бірі – білім алушының өзінің немесе өзгенің аудармасын өңдей отырып, сол аудармаларға сыни тұрғыдан қарау дағдысын қалыптастыру болып табылады;

– болашақ аудармашылардың синхронды аударма жасау дағдысын машықтандыру мақсатында арнайы жабдықталған кабинеттерді іске қосу.

Қолданылған әдебиет

1. Ермолович Д.И. Основы профессионального перевода. – М., 1996.
2. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком? – М., 1999.
3. Мирам Г.Э. Профессия: переводчик. – Киев, 1999.

УДК 651.926

ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Тұрлыбаева Мадина

lei_e@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.К. Сәтенова

Аударма – мәдениетаралық қатынастың маңызды құралы, өйткені ол бір тілдік мәдениет айғағын екіншісіне таныстырушы орталық буын. Мәдени қарым-қатынасқа көп түскен, яғни өзге мәдени әлемнің когнитивті тәжірибесімен кеңінен таныс мәдениеттің тілінің аударуға бейім келетіндігі, соның нәтижесінде аударма ісінің үдере өрбитіндігі де белгілі жайлар.